1957 жылы бұрынғы Маңғыстау, қазіргі Бейнеу ауданы, Қызыләскер (қазіргі Сам) ауылындағы орталау мектептің 1-класын бітіріп, жазғы каникулдан соң қыркүйекте 2-класқа оқуға қайта келіп, интернатқа орналастық. Бұрынғы директорымыз Бекқожа Еділханов ағай басқа жаққа көшіп кетіпті де, оның орнына Қылыш Өтетілеуов деген ағай директор болып келіпті.

НАР ТҰЛҒАЛЫ ҚЫЛЫШ АҒА

туралы үзік сыр

Мектеп те, интернат та қолдан басқан саман кірпіштен салынған, едендері кәдімгі жер. Демалыс күндері барлық кереуетті далаға шығарып, еппен су төгіп, жер еденді сылап тегістеп аламыз. Сыпырғанда шаң шықпайды. Кереуеттердің аяғының астына консервінің қақпағын не жалпақ тас тауып қойсаң, қатып кетеді! Жерге батпайды. Алайда жауын-шашын болғанда кейбір бөлмелердің төбесінен су ағады, кейде ұзақ сылбыр жауыннан езіліп кеткен қабырғалардың балшығы сылп етіп жерге түседі. Бірде интернатта таң алдында су сіңіп езілген қабырғаның бір бөлігі «корп» етіп, ішке қарай ойыла құлап, ұйықтап жатқан балаларды бір қорқытқаны есімде қалыпты.

Сөйтіп жүргенде жаңа директордың ұйымдастыруымен бір жақтан көп «котыртас» (бут) тасып әкеліп, мектептің шығыс жағына үйе бастады. 1958 жылы жазға салым сол тастан мектеп құрылысы да басталды. Мұның бәрі – ауыл үшін жаңалық еді. Сонымен қатар бұл – Қызыләскерде тастан қаланып жатқан бірінші құрылыс. Жақындап келіп талай рет қызықтап тұратынбыз.

Жазғы каникул басталды. Біз екінші класты бітіріп, Үстірт қыратының ең қиыр солтүстігіндегі Ақтөбе облысының аумағындағы Ащы Айырықта «Правда» колхозының қойын бағып отырған ауылға келдік. Сол жылы кластасым Аман екеуміздің үйіміз бірге, менің әкем Әбді Тоқжанов пен оның әкесі Шомақ Ізбасаров бір отарда екен. Бұрын көрмеген сай-салалы жер, сай ішіндегі қалың қамыс, оның арасымен ағып жатқан суы алғаулау бұлақ, аңғардағы иесіз бес күмбезді мешіт пен көп үйлердің орындары, сайдың екі бетіндегі көп қорым, ондағы ерекше қос күмбезді қызыл кірпіштен және темірден оюлап соғып салған, т.б. түрлі бейіттер, жайлаудағы көрші қонған мал ауылдар, даладағы көп аң. Осыларды Аманның атасы ескіше сауатты Ізбасар ақсақалдың қасында еріп жүріп аралап, біраз ой түйдік.

Бір күні ауылға біздің колхоздың машинасымен Қылыш ағай келіп қалды. Үйде қонып, әкелерімізбен сөйлесті де, ертесіне ортасымен бұлақ ағып жатқан Ащы Айырықтың сайы бойындағы ну қамыска Аман екеуімізді ертіп алып келді. Бізге: «Сендер азамат болдыңдар. Жаңа мектепті салысыңдар. Мына мол қамысты түгел орып, жаңа мектептің төбесін жабамыз»,– деді. Сөйтіп, Қылыш ағай қол орақпен қамысты бірнеше күнде орып бітті. Аман екеуміз орылған қамысты сай жиегіндегі биікке тасып шығарумен болдық, барлығы біткесін ағаймен бірге баулап будық. Шауруадан қолы босаған ауыл үлкендері де ара-тұра келіп көмектесіп тұрды. Біраз күннен соң машина келіп, бірнеше рейс жасап, тасып алып кетті. Біз ағайға көмектескенімізге қатты қуандық.

1958 жылы қыркүйекте жаңа оқу жылы басталды, 3-класқа келіп, интернатқа орналастық. Жаңа мектеп үйі «Г» тәрізді, бөлмелері өте кең және биік болып салынып бітіп қалыпты, ал төбесі түгел қамыспен жабылыпты. Оны көрген Аман екеуміз мәз болдық. Тапырайған саман ғимараттан жаңа мектепке келгенде, сол кездегі түсінігіміз бойынша бұл біздің жеріміздегі коммунизмнің алғашқы құрылысы сияқты болып елестеді.

Қылышекең 1960 жылдары да қосымша жаңа құрылыстар салып, бұл мектепті жаңартумен, ұлғайтумен болды. Ақырында толық «С» тәрізді үлкен ғимаратқа айналды. Сол кезде балалықпен мен бермеппіз. Кейін байқыма барып қарасақ, осы мектептің құрылысына қазіргі адам сенбестей еңбек жұмсалыпты. Мәселені шешу үшін сол кездегі Маңғыстау ауданының орталығы Таушық пен облыс орталығы Гурьевке алденеше рет жолшыбай көліктен ілесе барып, талай басшылармен кездесу, түсіндіру, қажетті жабдықтарды алудың өзі бір тарих екен.

Мектеп салу үшін Қызыләскердің батысында 50-60 шақырым жердегі Үстірт шыңының Қарабұлақ, Ақшағыл деген жерлерінен алденеше жүздеген текше метр «котыр» (бут) тасты таудан қопарып, әр мекемеден автокөлік сұрап жүріп тасып әкелітті. Төбесін жабатын көренелерді Форт-Шевченкодан тиеп шыққан «Ғазик» машиналар Самға бару үшін Үстіртке шығатын Өрмелі, Манаты, Сынды, Бесбұлақ, Үшшоңқал, т.б. борін қосқанда он асудан көтеріле алмайтын болғасын, сол кездегі дала жолдарымен қазіргі «Үстірт» қорығының терістік бетіндегі (негізгі асу Манатыдан оңтүстік-шығысқа қарай 210 км бұру жердегі) тайпақтау Қайғылы-Бабахан сайы арқылы 1 100 км жүріп, Қызыләскерге әкелітті. Көптеген құрылыс материалдарын 550 км жердегі Таушықтан, 500 км жердегі Гурьевтен (Атырау), тіпті төбесін жабатын, өзім қуа болып, бірге дайындасқан, қамысты 200 км қашықтықтағы Ащы Айырықтан тікелей өзі араласып жүріп тасытты. Құрылысқа қажет материал, құрал-жабдық алу үшін және оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруға қажет материалдық-техникалық базаны жасақтау үшін аталған жерлердің әркайсысына бірнеше реттен барғанын ескерсек, Үстіртгегі Сам құмы ішіндегі мал жайылымы орталығында бір мектеп салу үшін қанша еңбек жұмсалғанын көзге елестетудің өзі қиын!!! Оны тек «Ұлы идея үшін, ұрпақ үшін жасалған жаңқырлық еңбек!» дегеннен басқа сөз табу мүмкін емес. Осы еңбектің нәтижесі кейін көрінді.

Үстіртте жаңа өмір басталды. 1969 жылы наурызда Маңғыстаудың «ойындағы» колхоздардың Сам өңіріндегі сегіз фермасы біріктіріліп, «Маңғыстау» совхозы құрылды. Ферма орталықтары жаңғырды, уақытша орталығы Қызыләскер бір түледі. Совхоз құрылып, бала көбейген кезде Қылыш ағамыздың еңбегі айтпай-ақ көрініп тұрды. Сегізжылдықтан ұлғайып, қайта құрылған Амангелді орта мектебінің 400-дей оқушысы Қылышекең тер төгіп үш кезеңде тастан салдырған ғимаратқа емін-еркін сыйып кетті, осында 1971 жылы алғашқы түлегін ұшырды. Мектеп жанындағы типтік интернатта совхоздың малшы-механизаторларының балалары жатып білім алды.

Осында басқа жерлерден немесе Алматыдан бастап алуан қаладан дипломмен келген жас мамандар айдаладағы мектептің материалдық-техникалық жабдықталуына таңғалатын. Құрал-жабдығы мұндай бай мектеп көрмегендерін айтып тамсанатын. Сонда Қылышекең осы жердің болашағын тіпті ерте ойлап, қайта-қайта шапқылап жүріп, болашақтың материалдық-техникалық және оқу-әдістемелік құралдарының мол базасын жасап алғанына таңғалатынбыз.

Осы уақытта Бүкілодақтық Лениншіл Коммунистік жастар одағының «Екпінді құрылысы» болған Бейнеу – Қоңырат темір жолының бойында жаңа салынып, уақытша пайдалануға берілген Ақжігіт темір жол станциясының жанында совхоздың жаңа орталығы бой көтеріп келе жатты. 1970 жылы Ақжігітте болашақ орта мектепке дайындық ретінде, Қызыләскердегі Амангелді атындағы орта мектептің бастауыш кластар бөлімі ашылып, оның да жұмысын ұйымдастыру білім беру саласында сол өңірдегі нар жүгін көтерген Қылыш Өтетілеуовке тапсырылды. Қылышекеңнің таңдауы бойынша оның меңгерушісі болып Мұқаш Насұхаев тағайындалды.

1971 жылы совхоз орталығы осында көшірілді. Қылышекең салған Амангелді атындағы мектеп қайтадан сегізжылдық болып қалды. Орта мектеп және мектеп жанындағы интернат Қызыләскерден Ақжігіттке ауыстырылды. Директоры Қылыш Өтетілеуов, интернат меңгерушісі Қансұлу Сқақова болды.

Бейнеу ауданында 1971 жылы құрылған Ақжігіт орта мектебі алғашқы жылдарынан бастап, аудан, облыс көлемінде аты белгілі оқу орнына айналды. Мектепте кәсіби деңгейі өте жоғары педагогикалық ұжым жұмыс жасады. Оның қалыптасуына көрші мектептерде ілгеріде жұмыс жасаған, бірге қызметтес болған жас ұстаздарды тәрбиелеген, елдің бақыты болған: Көшекен Қалауов, Бекқожа Еділханов, Төрәлі Самалықов, Кенжегүл Исабергенов, Құрмет Құспанов, Жанбоз Екібаев, Ораз Ағиманов, Жұлдызбай Есбосынов, Ермекбай Оразалиев т.б. аға буын ұстаздардың, әсіреса осы орта мектептің тұңғыш директоры болған Қылыш Өтетілеуовтің ерекше зор ықпалы тиді.

Қай жерде де Қылыш аға іңденумен, шығармашылықпен жұмыс жасайтын тамаша ұжым құра білді. Жаңа салынған Бейнеу – Қоңырат темір жолының бойында орналасқан «Маңғыстау» совхозының (кеңшарының) орталығындағы, облыстағы көп оқу орнының бірі болған, сырт көзге елеусіз мектепте өлкенің білім беру тарихында аты үлкен әріппен жазылуға тиісті Құдабай Әсербаев, Жеткізген Рзаев, Бақыт Балов, Фермебай Ережепов, Мұқаш Насұхаев, Төлесін Жақыпов, Шұға Көбегенова, Қансұлу Сқақова т.б. көптеген қабілетті ұстаздар еңбек етті.

Қызыләскердегі Амангелді атындағы мектептің, кейін Ақжігіт орта мектебінің ұстаздары қатарында, Қылышекеңнің қарауында жас маман болып келіп жұмыс жасаған жылдарымыз біз үшін шыңдалу, толысу, өсу жылдары болды. Қансұлу Сқақова екеуміз Қызыләскерде 1971 жылы отау құрғанда Қылышекеңнің ерекше қуанғаны әлі есімізде. Ол сол жылы бізді өзімен бірге жаңа ашылған Ақжігіт орта мектебіне алып келді. Қылышекеңнің тәлім-тәрбиесінің арқасында кейін Қансұлу ауылда интернат меңгерушісі, Ақтауда-ғы 2 500 оқушысы бар аралас мектепте директордың орынбасары қызметінде ұзақ жылдар жасады, ҚР Білім беру ісінің үздігі атанды. Мен де білім беру саласында басқару қызметінің барлық сатысынан өтіп келіп, 1990–1999 жылдары Маңғыстау облыстық білім басқармасында, одан соң облыс әкімдігінде, облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасында 2016 жылы 68 жасқа толғанға дейін мемлекеттік басшылық қызметтерде, облыстың тоғыз әкімшілік қызметтес болдым.

Қылышекеңнің қарауында қызмет жасаған мұғалімдердің ішінен кейінгілерін айтпағанда, алғашқы аз ғана жылдың ішінде орта мектептердің сегіз директоры, аудандық, қалалық білім беру бөлімдерінің үш басшысы, облыстық білім басқармасының бір басшысы, селолық кеңес атқару комитетінің екі төрағасы, мал шаруашылығы совхозы жұмысшылар кәсіподағының екі басшысы, совхоздың бір директоры шықты. Мектеп, шын мәнінде, Бейнеу ауданының қадр дайындау орталығы болды. Қылышекең бастаған ұжымнан тәрбие алған ұстаздар әр түрлі ұйымдар мен мекемелерге басшылық қызметке ауысып жатқанда, жаңа келген жас мамандар ағамыздың «тепкісіне түсіп», оның үлгісімен тәрбиеленіп жатты.

Ол кісінің шәкірттерге деген ықыласы ерекше болатын. Тіпті «нашар» деген оқушы жөнінде әңгіме болғанда ол: «Балаға қанша қатты айтсаң да, адам болмайсың деме. Ол өзіңнен артық адам болады», – деп отыратын еді. Қылышекең бастаған педагогикалық ұжымнан тәлім-тәрбие алған шәкірттерінің өмір жолдары – жазылмаған көлек дастан. Мысал ретінде Қылыш ағайымыздың ықыласы түскен тек бір шәкірті жөнінде айта кеткім келеді. Ол – білімімен де, ізденісімен де, ұйымдастырушылық қабілетімен де, «тентектігімен» де көзге түскен Басшы Әзірханов болатын. Кейін осы Басшы республикада рекорд жасап, Бейнеу ауданын 27 жыл үздіксіз абыройлы басқарды. Оның кезінде Бейнеу ауданы шаруақтау шегіне жете дамыды. Айта берсек, осындай жүздеген шәкірттердің ел үшін жасаған еңбектері бірнеше кітапқа жүк болар еді.

Мектеп директорының қол кездегі оқу ісі жөніндегі орынбасары, кейін Бейнеу аудандық білім бөлімін басқарған, аудан әкімінің орынбасары болған, әріптес, сырлас, дос Мұқаш Насұхаевтың: «Қылышекеңнің өзін де, өзгені де аямайтын тынымсыздығы мен шексіз ізденуді қатты талап ететін қасиетін кезінде орынсыз санап, наразы болатынбыз. Асыл аға өзін жеккөріншті ете отырып, тамаша мамандарды тәрбиелеген ұлылығына уақыт өткен соң көзіміз жетті», – деген лебізі ұстаздың бар қасиетін білдіреді.

Орынбасар ТОҚЖАНОВ,
ҚР Білім беру және экология саалаларының үздігі, Бейнеу және Маңғыстау аудандарының құрметті азаматы, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері.